

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері мен Ресей Федерациясы Әскери әуе күштерінің құрамалары мен әскери бөлімдеріне жауынгерлік атыстар өткізу үшін әскери полигондарды өзара беру тәртібі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 1 сәуірдегі N 538 Заңы

Астанада 2000 жылғы 29 шілдеде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері мен Ресей Федерациясы Әскери әуе күштерінің құрамалары мен әскери бөлімдеріне жауынгерлік атыстар өткізу үшін әскери полигондарды өзара беру тәртібі туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері мен Ресей Федерациясы Әскери әуе күштерінің құрамалары мен әскери бөлімдеріне жауынгерлік атыстар өткізу үшін әскери полигондарды өзара беру тәртібі туралы Келісім

(2004 жылғы 6 сәуірден бастап күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі, Әскери ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 28 наурыздағы шартты , Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің әуе кеңістігін қорғаудың тұжырымдамасы туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекет басшылары кеңесінің 1996 жылғы 19 қаңтардағы шешімін басшылыққа ала отырып,

Тараптар мемлекеттері қарулы күштерінің әскери-әуе күштері мен әуе шабуылынан қорғаныс әскерлерінің өзара іс-қимылдарын жетілдіру, жауынгерлік әзірлік деңгейлерін арттыру қажеттілігін тани отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төмендегі терминдер мынаны білдіреді:
"Қабылдайтын Тараптың уәкілетті органы" - қабылдайтын Тарап мемлекетінің

Қ о р ғ а н ы с м и н и с т р л і г і ;

"Қабылданатын Тараптың уәкілетті органы" - қабылданатын Тарап мемлекетінің

Қ о р ғ а н ы с м и н и с т р л і г і ;

"Әскери полигон" (бұдан әрі - "полигон") - мемлекет аумағының, оның үстіндегі жауынгерлік атыстармен авиация бөлімдерінің және әуе қорғанысы бөлімдерінің жаттығуларын өткізуге арналған әуе кеңістігімен жабдықталған учаскесі;

"полигон жабдықтары" - радиолокация, байланыс және объективті бақылау, қару-жарақты, әскери техниканы, нысаналық кешендерді орналастыруға арналған позициялар құралдарымен полигонның командалық пункті;

"қару-жарақ пен әскери техника" - зениттік зымырандық (зенитті артиллериялық) және радиолокациялық кешендері, автоматтандырылған басқару жүйесі, полигонның б а й л а н ы с қ ұ р а л д а р ы ;

"нысана" - жауынгерлік атыстарды өткізу барысында нақты мақсаттар ретінде полигонда басқарылатын және басқарусыз ұшу аппараттары;

"нұсқаушы құрам" - қару-жарақ пен әскери техника жөніндегі полигонның жауынгерлік атыстар аға техникалық жетекшілерінің, техникалық жетекшілері мен нұсқаушысының міндетін атқарушы, қабылдайтын Тарап мемлекеті қарулы күштерінің ж е к е қ ұ р а м ы ;

"қабылданатын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдері" - қабылданатын Тарап мемлекеті қарулы күштерінің құрамалары мен әскери бөлімдері.

2-бап

Қабылдайтын Тараптың уәкілетті органы:

Өтініміне сәйкес қабылданатын Тараптың уәкілетті органына қабылданатын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің жауынгерлік атыстарды өткізуі үшін жабдықтарымен, қару-жарағы және әскери техникасымен, нысаналары және нұсқаушы құрамымен п о л и г о н д а р д ы ұ с ы н а д ы ;

жауынгерлік атыстарды өткізу мерзімін қабылданатын Тараптың уәкілетті органына жеткізеді, ал оның өзгеруі кезінде ол туралы бұрын келісілген мерзімнен 45 тәуліктен кешіктірмей хабардар етеді;

кедендік бажды және тарифсіз реттеу шараларын қолданбай, шекаралық және кедендік бақылауды ұйымдастырады;

қабылдайтын Тараптың қолданысындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, полигонда тиісті құпиялылық режимін қамтамасыз етеді;

қабылданатын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің полигонда жауынгерлік атыстарды өткізуі кезінде қауіпсіздік шараларын орындауын бақылайды;

қабылданатын Тараптың уәкілетті органының келісімі бойынша полигонда жауынгерлік атыстарды өткізу үшін қажетті радиокедергілер орнатуды қамтамасыз

етеді және объективті бақылау құралдарын ұсынады;
қабылданатын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің жауынгерлік тобына (жауынгерлік топтардан жауынгерлік атыстар аяқталғаннан кейін қабылдайды) Тараптардың уәкілетті органдарының арасындағы келісімі бойынша полигонның жабдықтарын, қару-жарақтарын және әскери техникаларын береді, сондай-ақ пайдалану ақаулықтары туындаған жағдайда қару-жарақ пен әскери техниканы қалпына келтіру үшін қосалқы бөлшектерді, құралдарды және керек-жарақтарды ұсынады;

қабылданатын Тараптың уәкілетті органымен келісілген бағдарлама бойынша нысаналарды дайындауды және жіберуді қамтамасыз етеді;

қабылданатын Тараптың уәкілетті органының атынан жауынгерлік атыстардың жетекшісіне танысу үшін қабылданатын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің жауынгерлік атыстарды орындауын объективті бақылау материалдарын ұсынады.

3-бап

Қабылданатын Тараптың уәкілетті органы:

қабылдайтын Тараптың уәкілетті органына полигондарда жауынгерлік атыстарын өткізуге өтінімдерді жауынгерлік атыстарды өткізудің алдындағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей ұсынады;

қабылдайтын Тараптың полигонды пайдаланудың тәртібін айқындайтын заңнамасының және нормативтік құжаттарының талаптарын толық көлемде орындайды;

қару-жарақпен, әскери техникамен және пайдалану құжаттамаларымен жұмыс істеуге рұқсат етілген жеке құрамның тізімін ұсынады, сондай-ақ іссапарға жіберілген әскери қызметшілердің полигонда белгіленген режимдік шараларды орындауын қамтамасыз етеді;

қару-жарақ пен әскери техниканы жауынгерлік қолдануға дайындауды жүзеге асырады, жауынгерлік атыстарды өткізеді, полигонда белгіленген талаптар мен нормаларды сақтай отырып әскерлердің тіршілік әрекетін ұйымдастырады;

осы Келісімнің 5-бабында белгіленген тәртіппен полигонның ақаулы қару-жарағы мен әскери техникасын қалпына келтіреді;

полигонның қару-жарағы мен әскери техникасын ақаусыз жағдайда қабылдап алады және қайтарады;

жауынгерлік атыстарды өткізу туралы актілерді жасау кезінде, оларды өткізуге арналған төлемдерді жүзеге асыратын ұйымның заңды мекен-жайын көрсетеді;

қабылдайтын Тарапқа қабылданатын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің полигонда болған кезеңінде келтірген материалдық залалының орнын толтырады. Залалдың себептері мен көлемін анықтауды Тараптардың уәкілетті органдарының

бірлескен сарапшы топтары жүргізеді және актімен ресімделеді. Залалды өтеу осы Келісімнің 10 және 11-баптарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4-бап

Жеке құрамы полигонда қауіпсіздік шараларын бұзған қабылданатын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің бөлімшелері қабылдайтын Тарап мемлекеті уәкілетті органының атынан полигон бастығының ұсынуы бойынша қабылданатын Тарап уәкілетті органының атынан атыстар басшысының шешімімен жауынгерлік атыстарды орындаудан шеттетіледі.

5-бап

Полигонның қару-жарағы мен әскери техникасын пайдалану ақаулықтары пайда болған жағдайда, оларды жоюды полигондағы қолда бар қосалқы бөлшектерді, құралдарды және керек-жарақтарды пайдалана отырып қабылданатын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің жеке құрамы жүргізеді.

Қабылданатын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдері жеке құрамының кінәсі бойынша қару-жарақ пен әскери техника істен шыққан жағдайда, оны қалпына келтіруді полигондағы қолда бар қосалқы бөлшектерді, құралдарды және керек-жарақтарды пайдалана отырып қабылданатын Тарап мемлекетінің мамандары жүргізеді, бұл орайда жұмсалған қосалқы бөлшектерге, құралдарға және керек-жарақтарға төлеуді осы Келісімнің 11-бабында көзделген мерзімде қабылданатын Тараптың уәкілетті органы жүргізеді.

6-бап

Полигонда жауынгерлік атыстарды дайындау жөніндегі барлаушылық жұмыстарды келісілген мерзімде, бірақ жауынгерлік атыстардың басталуына дейінгі 45 тәуліктен кешіктірмей Тараптардың уәкілетті органдарының бірлескен жұмыс тобы жүзеге асырады.

7-бап

Қабылданатын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің жауынгерлік тобын полигонға тасымалдау Тараптардың ұлттық заңнамаларында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ 1992 жылғы 15 мамырдағы әскери тасымалдауды орындау принциптері мен тәртібі туралы келісімге және 1995 жылғы 20 қаңтардағы мемлекетаралық әскери тасымалдауды және олар үшін есептесуді ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімге с ә й к е с жү р г і з і л е д і .

Қабылданатын Тарап мемлекетінің әскери-көлік авиациясының ұшақтарымен әскери бөлімнің жауынгерлік топтарын полигонға және кері жеткізу кезінде авиациялық тасымалдауларды қамтамасыз ету үшін есептесу тәртібі 1994 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мен Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің әскери әуеайлақтарындағы әскери әуе кемелерін қабылдауды, әуе айлақтық-техникалық қамтамасыз етуді және қорғауды ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі арасындағы келісімге сәйкес айқындалады.

8-бап

Қабылданатын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдері полигонда өзінің қорындағы зениттік артиллериялық жүйелерге арналған авиациялық жою құралдарымен, зениттік басқарылатын зымырандармен және оқ-дәрілермен жауынгерлік атыстар өткізеді.

Полигондағы жауынгерлік атыстардан кейін қалған зениттік артиллериялық жүйелерге арналған авиациялық жою құралдарын, зениттік басқарылатын зымырандарды және оқ-дәрілерді полигонға жеткізу және одан шығару қабылданатын Тарап мемлекеті әскери эшелондарының немесе әскери-көлік авиациясының құрамында жүргізіледі.

Жекелеген жағдайларда, қабылдайтын Тараптың уәкілетті органы полигонда бар авиациялық жою құралдарын, зениттік басқарылатын зымырандарды қабылданатын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдеріне ұсынуы мүмкін. Бұл ретте, қабылданатын Тараптың уәкілетті органы олардың құнын төлейді немесе жауынгерлік атыстарды өткізу туралы актіге қол қойылған күннен бастап үш ай мерзімінде полигонға жұмсалған авиациялық жою құралдарын және зениттік басқарылатын зымырандарды дәл сондай көлемде, түрде және сапалық сипатта орнын толтырады.

9-бап

Полигонда қабылданатын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің жеке құрамын медициналық қамтамасыз етуді қабылдайтын Тарап мемлекетінің медициналық қызметкерлері жүзеге асырады.

Шұғыл жағдайларда, полигонда болған қабылданатын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің әскери қызметшілерін госпитальға жатқызу қабылдайтын Тарап мемлекеті уәкілетті органының жақын жердегі емдеу мекемесінде жүргізіледі. Бұл жағдайларда шығыстарды, егер Тараптардың келісімдерінде басқаша көзделмесе, осы Келісімнің 10-бабында белгіленген тәртіппен қабылданатын Тараптың уәкілетті органы өтейді.

10-бап

Қабылданатын Тараптың уәкілетті органы қабылдайтын Тараптың уәкілетті органына қабылданатын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдері өткізетін жауынгерлік атыстарды қамтамасыз етумен байланысты шығыстарды өтейді.

Т ө л е м г е м ы н а л а р ж а т а д ы :

жауынгерлік атыстарды қамтамасыз ету үшін қабылдайтын Тарап мемлекеті қарулы күштерінің жеке құрамын және басқа министрліктерімен ведомстволарының (атқарушы билік федералдық органдарының) мамандарын тартумен байланысты шығыстар ;

қажетті құжаттарды, әдістемелік құралдар мен анықтамалық әдебиеттерді басып шығарумен байланысты шығыстар ;

жауынгерлік атыстарды орындау кезінде пайдаланылған нысаналар; нысаналарды, қару-жарақтар мен әскери техникаларды пайдаланумен байланысты шығыстар ;

жауынгерлік атыстарды орындау үшін қабылданатын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдеріне берілген авиациялық жою құралдары, зениттік басқарылатын зымырандар;

авиациялық жою құралдарын, зениттік басқарылатын зымырандарды жауынгерлік қолдануға дайындаумен байланысты шығыстар;

қабылданатын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдерін авиациялық тасымалдауды қамтамасыз етумен байланысты шығыстар;

қабылданатын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдерін азық-түлікпен қамтамасыз ету қ ұ н ы ;

қабылданатын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдері әскери қызметшілерінің полигонның қонақ үйлері мен казармаларында тұру құны;

қабылданатын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдері полигонда болған уақытында пайдаланған электр энергиясы мен судың құны;

қабылданатын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің жауынгерлік атыстарды өткізуін қамтамасыз ету үшін, қару-жарағының, әскери техникасы мен автокөлігінің жұмысын қамтамасыз ету үшін полигонда жұмсалған жанар-жағармай материалдарының құны ;

қабылданатын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің әскери қызметшілерін медициналық қамтамасыз етумен байланысты шығыстар;

Шығыстарды өтеу қабылданатын Тарап мемлекетінен жауынгерлік атыстар басшысы және қабылдайтын Тарап мемлекетінен полигон бастығы қол қойған актінің негізінде АҚШ долларымен жүргізіледі. Бұл орайда есеп айырысу қабылдайтын Тарап

мемлекетінің қолданыстағы бағалары мен тарифтері бойынша қабылдайтын Тарап мемлекетіндегі актіге қол қойылған күнгі курспен АҚШ долларына қайта есептей отырып ұлттық валютада жүргізіледі.

11-бап

Жауынгерлік атыстарды өткізумен және оларды қамтамасыз етумен байланысты шығыстардың төлемдерін қабылданатын Тараптың уәкілетті органы өндірілген шығыстарды растайтын есептеу және басқа құжаттар қосымшасымен жауынгерлік атыстарды қамтамасыз ету үшін шоттарды қабылдайтын Тараптың уәкілетті органы ұсынғаннан кейінгі 10 күн ішінде жауынгерлік атыстарды өткізу туралы актіде қабылдайтын Тараптың уәкілетті органы көрсеткен валюталық шотқа аударуы тиіс.

12-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды өзара консультациялар және келіссөздер жолымен шешеді.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және ол осы Келісімнің 13-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

Осы Келісімнің ережелері Тараптар қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттеріне нұқсан келтірмейді.

13-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламасы түскен күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың біреуі оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапты тиісті кезең аяқталғанға дейінгі алты ай ішінде жазбаша хабардар етпесе, автоматты түрде әрбір бір жылға созылатын болады.

2000 жылғы 29 шілдеде Астана қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіргенде келіспеушіліктер пайда болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қ а з а қ с т а н
Республикасының
Үкіметі үшін

Р е с е й
Федерациясының
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК